

**«Траст-Банк» АҚ  
қаржыландыру  
қағидаттары кеңесінің  
қаулысымен БЕКІТІЛДІ**

**2016 жылғы «30» қарашадағы  
№ 2 хаттама**

**«Траст-Банк» АҚ Директорлар  
кеңесінің қаулысымен  
БЕКІТІЛДІ**

**2016 жылғы «29» желтоқсандағы  
№ 19 хаттама**

## **ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі бақылау және оны пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 29 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес дайындалды.
2. Қағидалар Банктің инсайдерлік ақпаратына билік ету және оны пайдалануға Банктің бақылауын ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша орындау үшін міндетті талаптар мен нормаларды айқындау және инсайдерлердің Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану ықтималдылығын болдырмау мақсатында әзірленді.
3. Қағидаларда Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасында көзделген негізгі түсініктер, сондай-ақ келесі қысқартулар, шартты белгілер мен түсініктер қолданылады:
  - 1) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;
  - 2) Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімі – жауапты бөлімшелер және/немесе жеке және заңды тұлғалар ұсынған деректердің негізінде жасалған инсайдерлердің жалпы тізімі;
  - 3) сауда-саттық ұйымдастырушы (-лар) – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар рыногында баға белгілеу ұйымы;
  - 4) жауапты бөлімшелер – Банкте инсайдерлердің пайда болуы/тоқтатылуы туралы Комплаенс қызметін уақытылы хабардар етуге жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелері. Мұндай құрылымдық бөлімшелер өзінің функцияларын жүзеге асыру аясында Банктің инсайдерлерімен шарттар жасасуды қамтамасыз етеді, Банктің корпоративтік оқиғаларын ұйымдастыруға тікелей қатысады, клиенттер мүддесінде қаржы

құралдарымен операциялар жасайды, басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында жауапты бөлімшелердің қызметкерлері Банкте инсайдерлердің пайда болуы/тоқтатылуы туралы ақпаратты ала алады.

- 5) туынды қаржы құралдары - а) туынды қаржы құралы – болашақта осы шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруды көздейтін, құны шарттың базалық активінің мөлшеріне (мөлшердің ауытқуын қоса алғанда) байланысты болатын шарт; б) туынды қаржы құралдарына опциондар, фьючерстер, форвардтар, своптар және осы белгілерге жауап беретін, оның ішінде жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының комбинациясын көрсететін басқа да қаржы құралдары жатады; в) туынды қаржы құралдарының базалық активтері тауарлар, тауарлардың стандартталған партиялары, бағалы қағаздар, валюта, индекстер, нарықтық құны бар басқа да активтер, болашақтағы оқиға немесе жағдай, туынды қаржы құралдары болып табылады.
4. Қағидалар Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануды реттеуге бағытталған және оған:
  - 1) Банктің инсайдерлік ақпаратын және Банктің инсайдерін айқындау;
  - 2) Банктің инсайдерлік ақпаратына билік ету және оны пайдалану тәртібін айқындау, Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу тәртібі мен мерзімдерін айқындау, Банктің инсайдерлерінің тізімін жүргізу, Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқықтарын шектеу;
  - 3) инсайдерлік және құпия ақпаратты пайдалануды бақылау бойынша іс-шаралар дайындау және жүзеге асыру;
  - 4) Банктің инсайдерлік ақпаратының құпиялығын қорғау ережелері жатады.
5. Банктің инсайдерлік ақпараты болып табылатын ақпарат Қағидалардың № 1 қосымшасына сәйкес айқындалады.
6. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:
  - 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, эмитенттің (оның ішінде Банктің) мүлктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;
  - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
  - 3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

## **2. АЙРЫҚША ЕРЕЖЕЛЕР**

### **2.1. Банктің инсайдерлері. Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі.**

7. Мына адамдар Банктің инсайдерлері болып танылады:
  - 1) Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері;
  - 2) Банк Басқармасының мүшелері;
  - 3) Басқарма құрамына кірмейтін Банктің Басқарушы және Атқарушы директорлары, Банктің Бас бухгалтері;
  - 4) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар Банктің бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері, сондай-ақ алқалы жұмыс органдарының хатшылары, басшының хатшы – референті;

- 5) Банктің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;
  - 6) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Банкке қызметтер көрсететін басқа да адамдар;
  - 7) оның тізіміне Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушылар;
  - 8) қор биржасы директорлар кеңесінің, қор биржасы листинг комиссиясының және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айлы-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған, сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының сараптама комитетінің мүшелері;
  - 9) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша өздеріне берілген функцияларға қарай Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;
  - 10) мүшелері Банк болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар және Қағидалардың осы тармағының 5) – 7) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар ұйымдар;
  - 11) Қағидалардың осы тармағының 5), 6), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлері;
  - 12) жоғарыда аталған адамдардан Банктің Инсайдерлік ақпаратын алған адамдар.
8. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар адамдардың тізіміне (бұдан әрі – Банктің инсайдерлерінің тізімі) Банк Қағидалардың 7 тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген адамдарды ғана қосады. Банктің инсайдерлерінің тізімі дербес деректерден тұрады және құпия құжат болып табылады.
9. Комплаенс қызметі Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімін жүргізеді (электронды түрде және қағаздағы нұсқада), ол сайма-сай қалпында ұсталады және келесі деректердің негізінде ай сайын жаңартылады:
- 1) Қағидалардың 7 тармағының 1), 2) тармақшалары бойынша – корпоративтік басқарманың бөлімшесі ұсынған деректердің негізінде;
  - 2) Қағидалардың 7 тармағының 3), 4) тармақшалары бойынша (бөлімшелердің басшылары, басшының хатшы-референттері бөлігінде) – персоналмен жұмыс жасау бөлімшесі ұсынған деректердің негізінде;
  - 3) Қағидалардың 7 тармағының 4) тармақшасы бойынша (бөлімшелердің қызметкерлері бөлігінде) – Жауапты бөлімшелердің басшылары ұсынған деректердің негізінде;
  - 4) Қағидалардың 7 тармағының 6), 7) тармақшалары бойынша – Банктің инсайдерлерімен шарттар жасасуды бастамалайтын жауапты бөлімшелердің басшылары ұсынған деректердің негізінде;
  - 5) Қағидалардың 7 тармағының 5) тармақшасы бойынша – Банктің акционерінен (-лерінен) алынған, Комплаенс қызметінің деректерінің негізінде.

10. Жауапты бөлімшелер:

- 1) жауапты бөлімшенің қарамағындағы мәліметтер мен құжаттарға сүйене отырып, Банктің инсайдері ретіндегі тұлғаның біліктілігінің заңға сай келуіне талдау жүргізеді;
  - 2) Банктің инсайдерлерінің тізімі өзгерген жағдайда, өзгерістер жасауға негіздемелер туындаған жұмыс күнінен кейінгі күннен кешіктірмей ақпаратты Комплаенс қызметіне Қағидалардың №2 қосымшасына сәйкес ұсынады.
11. Комплаенс қызметі:
- 1) Банктің жауапты бөлімшелері ақпаратты Комплаенс қызметіне Қағидалардың №2 қосымшасына сәйкес беруіне бақылау жүргізеді;
12. Комплаенс қызметі Банк Басқармасы Төрайымының немесе оның орынбасарының қолын қойғызып:
- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі уәкілетті орган) – талапта көрсетілген мерзімдерде оның талап етуі бойынша;
  - 2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на (бұдан әрі KASE) – есеп беру тоқсаны аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша тоқсан сайын;
  - 3) оларға қатысты Банк инсайдер болып табылатын эмитенттерге (эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлері бөлігінде) – жазбаша сұрау салуды алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Банктің инсайдерлерінің тізімін береді.

## **2.2. Банктің инсайдерлеріне қойылатын шектеулер**

13. Банктің инсайдерлерінің құқығы жоқ:
- 1) Банк немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйым олардың эмитенті болып табылса, ол бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
  - 3) Банктің немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымның инсайдерлік ақпаратына негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге.
14. Жауапты бөлімшелерден Банктің инсайдерлері Қағидалардың талаптарын бұзғаны туралы ақпарат алған кезде, оның ішінде KASE немесе басқа тұлғалардан хаттар келген жағдайда Банк айыпты тұлғаларды анықтау немесе ақпараттың таралу көздерін анықтау мақсатында қызметтік тексеріс өткізуге бастамашылық етеді.
15. Қызметтік тексеріс нәтижелері бойынша Банк келесі шешімдерді қабылдайды:
- 1) Банктегі нақты жағдай/ахуал туралы Банктің баспасөз релизін шығару туралы;
  - 2) тиісті биржаға, қаржылық қадағалау органдарына немесе сот органдарына жүгіну туралы;
  - 3) бұдан былай Қағидаларды бұзушылыққа жол бермеу туралы;
  - 4) Қағидалардың сақталуын бақылауды күшейту туралы;
  - 5) Банктің қызметкерлеріне ҚР еңбек заңнамасында көзделген тәртіптік жаза шараларын қолдану;

- 6) Банктің инсайдерінің әрекеттерінен/әрекетсіздігінен Банкке келтірілген материалдық залалды және/немесе іскерлік беделіне келтірілген залалды өтеуді талап ету;
- 7) істің материалдарын айыпты тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін (қылмыс жасау белгілері болған жағдайда) құқық қорғау органдарына жіберу туралы;
- 8) басқа да заңды шаралар.

### **2.3. Банк басқа ұйымдардың инсайдері ретінде**

16. Банкті ұйымның инсайдерлерінің тізіміне қосу туралы Басқа ұйымдардан хабарлама түскен жағдайда Комплаенс қызметі:
  - 1) жауапты бөлімшелермен келісу бойынша Банктің инсайдер ретіндегі біліктілігінің заңға сай келуіне талдау жүргізеді;
  - 2) оң қорытынды шығарылған жағдайда оларға қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымдардың тізіміне ақпаратты енгізеді және осы ұйымдардың инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлерінің тізімін құрастырады. Ұйымнан тиісті сұрау салу түскен кезде Банктің қызметкерлерінің осы тізімдерін Банк 5 жұмыс күні ішінде береді.
  - 3) Банктің қызметкерлеріне Қағидалардың № 3 қосымшасына сәйкес олар ұйымдардың инсайдерлері болып танылғаны туралы хабарлайды;
  - 4) оларға қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымдардың тізімдерін және осы ұйымдардың Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлерінің тізімін құрған кезеңнен бастап оларды 5 жыл сақтайды.
17. Банк KASE инсайдері ретінде өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай KASE инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өзінің қызметкерлері туралы ақпаратты 5 жұмыс күні ішінде KASE ұсынады. Ақпаратты Комплаенс қызметі жауапты бөлімшелердің деректерінің негізінде жібереді.
18. KASE инсайдерлерінің тізіміне қосылған адамдар KASE бағалы қағаздармен жүргізген барлық операциялары туралы, олардың қолжетімділігі бар инсайдерлік ақпарат, сондай-ақ Қағидалардың №5 қосымшасында келтірілген нысан бойынша олардың KASE акцияларымен жүргізген операциялары туралы хабардар етуге міндетті.

### **2.4. Банктің инсайдерлерінің дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау**

19. Банктің инсайдерлерінің – жеке тұлғалардың дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау:
  - 1) Банктің қызметкерлері болып табылатын, Қағидалардың 7 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген, ҚР Еңбек кодексінің 5 тарауының талаптарына және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңына сәйкес жүргізіледі;
  - 2) Қағидалардың 7 тармағының 1) және 5) тармақтарында көрсетілген, Банкпен айрықша қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізілімін жүргізу бойынша ҚР заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.
20. Қағиданың 7 тармағының 5) – 7), 10) тармақшаларында көрсетілген Банктің инсайдерлері - заңды тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өздерінің қызметкерлері туралы Банкті тоқсан сайынғы негізде, есеп беру тоқсанының әрбір бірінші айының 10 күнінен кешіктірмей хабардар етеді, ақпаратты Қағидалардың №2 қосымшасына сәйкес ұсынады, ал есеп беру кезеңінің ішінде өзгерістер болмаған жағдайда бұрын ұсынылған ақпараттың

сайма-сайлығын растайды және өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлердің Банкке ұсынылған дербес деректері ҚР Еңбек кодексінің 5 тарауының және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңының талаптарына сәйкес жиналғанына және берілгеніне кепілдік береді.

## **2.5. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі**

21. Азаматтық – құқықтық шарттарды жасасқан жағдайда, оларды орындау кезінде үшінші тұлғалар Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратына қол жеткізе алады. Шартта Қағидалардың талаптарын сақтау туралы үшінші тұлғалардың міндеттемелері көзделуі тиіс. Осы тармақтың сақталуы үшін жауапкершілік Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін тұлғалармен шарттар жасауды бастамашылық ететін жауапты бөлімшелерге жүктеледі.
22. Басқа ұйымдардан Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын беру туралы сұрау салу түскен жағдайда жауапты бөлімше ақпаратты жіберген кезде ішкі электрондық құжат айналымы арқылы Комплаенс қызметімен келісім жүргізеді. Комплаенс қызметі сұрау салудың және инсайдерлік ақпарат пен құпия ақпаратты берудің заңға сай келуіне талдау жүргізеді. Оң қорытынды шығарылған жағдайда жауапты бөлімшеден ұйымның инсайдерлерінің тізімін жасау және Банктің инсайдерлерінің тізіміне қосу бойынша хабардар ету үшін, Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі болатын осы ұйымның инсайдерлерінің тізімін сұрайды. Бұдан әрі жауапты бөлімше Банктің инсайдерлерінің тізімін жаңарту бойынша мониторинг жүргізеді және өзгерістер болған жағдайда Комплаенс қызметіне оларды 5 жұмыс күні ішінде береді.

## **2.5. Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік тәртібі және инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қорғау ережелері**

23. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік шектеулі және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.
24. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар және бұл жөнінде хабардар етілген Банктің Инсайдерлері Банктің сайтында орналастырылған осы Қағидалармен танысуға және осы Қағидалардың талаптарын сақтауға міндетті, сондай-ақ Банктің Инсайдерлік ақпаратына жататын мәліметтердің Банк белгілеген құпиялық режимін орындауға және осы мәліметтерге үшінші тұлғалардың қол жеткізуін болдырмау үшін шаралар қабылдауға міндетті.
25. Банктің қызметкерлері Банктің Инсайдерлік ақпаратына жататын мәліметтерге өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті көлемде қол жеткізуге құқылы. Қызметке тағайындау туралы Банк Басқармасы Төрайымының Бұйрығы не еңбек міндеттерін жүзеге асыру үрдісінде осы мәліметтерді пайдалануды көздейтін басқа бұйрық мәліметтерге қол жеткізу үшін негіздеме болып табылады.  
Банктің жаңа қызметкеріне Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығы оны осы Қағидалармен, лауазымдық нұсқаулықпен және құпия ақпаратты қолдану тәртібін және жаңа қызметкердің қол жеткізуіне рұқсат берілген Банктің ақпараттық жүйесімен жұмыс жасау тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен таныстырғаннан кейін ғана беріледі. Қызметкердің аталған құжаттармен танысуы үшін жауапкершілік қызметкердің бөлімше басшысына жүктеледі.

26. Банктің немесе оған қатысты Банк Инсайдер болып табылатын ұйымның Инсайдерлік және құпия ақпаратына қол жеткізуге рұқсаты жоқ қызметкерлерге Инсайдерлік және құпия ақпаратқа жататын ақпарат қандай да бір себептер бойынша белгілі болып қалса, олар:
  - 1) Инсайдерлік ақпараттың құпиялығын сақтау бойынша шаралар қабылдауға;
  - 2) Инсайдерлік ақпараттың таралуына немесе осындай ақпараттың үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермеуге;
  - 3) ол жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше басшысын және Комплаенс қызметін осы жағдай туралы хабардар етуге міндетті.
27. Инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету мақсатында Банк: жеке пайдаланушылардың және пайдаланушылар тобының арасындағы құқықтарды бөліп үлестіруді көздейтін, Банктің ақпараттық жүйесінің әр түрлі деңгейлеріне қол жеткізуге шектеу қою жүйелерін көздейді, сондай-ақ пайдаланушылардың іс-әрекеттерін бақылайды:
  - 1) Инсайдерлік ақпаратқа жататын мәліметтерге қол жеткізуге рұқсат алған адамдардың Банктің аумағында Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға белгіленген тәртіпті сақтауы үшін қажетті жағдайлар жасайды, оның ішінде Инсайдерлік ақпаратқа жататын материалдық ақпарат тасымалдағыштары сақталатын Банктің бөлмелеріне бөтен адамдардың кіруіне шектеу қояды;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін бұзған тұлғаларды жауапкершілікке тартуға бағытталған іс-әрекеттер жасайды, оның ішінде Банкке келтірілген залалдарды өтеуін талап етеді;
  - 3) Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады.
28. Банк Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібін сақтауды қамтамасыз ету үшін Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялығын заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған қосымша арнайы рәсімдерді енгізуге құқылы, оның ішінде:
  - 1) Инсайдерлік ақпаратты алған, пайдаланған, сақтаған кезде Банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекет жасау рәсімдері, сондай-ақ Инсайдерлік ақпараттан тұратын материалдық құндылықтарды жою;
  - 2) Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу жүзеге асырылатын жұмыс орындарын және Инсайдерлік ақпаратқа жататын мәліметтердің материалдық тасымалдағыштарын сақтау орындарын кедергісіз бақылаудан және қол жеткізуден қорғау рәсімдері;
  - 3) Инсайдерлік ақпаратты жоғалтудан және оған байланыс арналары бойынша рұқсатсыз қол жеткізуден сақтандыратын Банктің Ақпараттық жүйесін сақтау рәсімдері.

### **2.7. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері**

29. Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу Банктің веб-сайтында орналастыру және (немесе) осы Қағидалармен айқындалатын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы жүзеге асырылады, бірақ KASE және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырудан бұрын емес.
30. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған, Қағидалардың №1 қосымшасының 1 тармағында көрсетілген Банктің корпоративтік оқиғалары туралы Инсайдерлік ақпарат туындаған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсінде және KASE ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде KASE интернет-ресурсінде орналастырылады.

31. Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын, Қағидалардың №1 қосымшасының 2 тармағында көрсетілген Банктің қызметіндегі өзгерістер туралы Инсайдерлік ақпарат KASE ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде KASE интернет-ресурсінде, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсінде орналастырылады және олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Уәкілетті органның назарына жеткізіледі. Олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, бірақ KASE және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырудан бұрын емес.
32. Қағидалардың № 1 қосымшасының 3 тармағында көрсетілген Банкпен Инсайдерлік деп танылатын басқа ақпарат KASE интернет-ресурсінде (егер оны ұсыну KASE ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде KASE ішкі құжаттарымен көзделген болса), қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсінде орналастырылады және (немесе) Банктің веб-сайтында жарияланады. Ақпаратты KASE және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсінде орналастырғаннан кейін ғана басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға болады.
33. Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес Инсайдерлік ақпаратты ашу үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізімі:
  - 1) Банктің корпоративтік веб-сайты – [www.zamanbank.kz](http://www.zamanbank.kz);
  - 2) KASE интернет – ресурсы – [www.kase.kz](http://www.kase.kz);
  - 3) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет - ресурсы – [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz);
  - 4) мерзімді баспа басылымы.Ақпаратты жариялау тәртібі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
34. Банктің бағалы қағаздарын сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізген кезде Банк және Банктің инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғалар Банк және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді, оларды ашу сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларымен белгіленген тәртіпте және талаптарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының және Банктің қызметінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін.
35. Шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін, қор биржаларының сауда жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздардың айналысы кезінде Банктің инсайдерлік ақпараты мынадай тәсілдердің бірі арқылы ашылуы тиіс:
  - 1) инсайдерлік ақпарат тұлғалардың кең ауқымы аясында ашу болжанатын хабарламалар тізіміне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі, содан кейін Банктің корпоративтік веб-сайттарында орналастырылады;
  - 2) инсайдерлік ақпарат тұлғалардың кең ауқымы аясында ашу болжанатын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жіберіледі, содан кейін тізіміне Банктің бағалы қағаздары енгізілген шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының атына жіберіледі және Банктің корпоративтік сайтында орналастырылады.
36. Банктің инсайдерлік ақпаратын осы Қағидалармен белгіленген бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (жариялау) жолымен ашқан кезде инсайдерлік ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші рет орналастырған (жариялаған) күн Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу күні болып есептеледі.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

37. Қағидалар Банктің корпоративтік веб-сайтында мемлекеттік тілде және орыс тілінде орналастырылады.
38. Банктің қызметкерлері, инсайдерлері Қағидаларда баяндалған талаптарды сақтамаған үшін жауапкершілікте болады.
39. Жауапты бөлімшелердің басшылары Комплаенс қызметіне Банктің инсайдерлерінің тізімі бойынша ақпаратты толық, шынайы және уақытылы беру үшін дербес жауапкершілікте болады.
40. Банктің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын ашқан үшін жауапкершілікте болу көзделмеген жағдайда, жауапты бөлімшелердің басшылары Банктің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына осындай жауапкершілікті енгізген үшін жауапты болады.
41. Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын басқа ұйымдарға жіберген кезде жауапты бөлімшелердің басшылары оны Комплаенс қызметіне уақытылы беруді бақылайды және Қағидалардың талаптары сақталмаған үшін жауапкершілікте болады.
42. Жауапты бөлімшелердің басшылары Комплаенс қызметіне Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өзінің бөлімшесінің және ұйымдардың қызметкерлерінің тізімін беру бойынша бақылау жүргізеді және жауапкершілікте болады.
43. Қағидалармен көзделген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік және құпия ақпарат заңсыз пайдаланылған және таратылған жағдайда, мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар ҚР заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ оларға ҚР еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.
44. Қағидалардың талаптарын орындамаған/тиісті түрде орындамаған үшін жауапкершілік Қағидалармен регламенттелетін үрдіске қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.
45. Қағидалармен белгіленетін талаптарды орындауды бақылау жауапты бөлімшелердің басшыларына және Комплаенс қызметіне жүктеледі.
46. Қағидалар Банктің барлық қызметкерлерінің қолдануы және басшылыққа алуы үшін жалпыға міндетті болып табылады.
47. Қағидалармен реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына сәйкес шешіледі.

## Банктің Инсайдерлік ақпаратының тізімі

1. Келесі корпоративтік оқиғалар туралы Инсайдерлік ақпаратқа жатады:
  - олар туралы ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
  - Банктің акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруы және Банктің бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті Уәкілетті органның бекітуі, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын Уәкілетті органның жоюы;
  - Банктің ірі мәмілелер және оларды жасасуда мүдделілік бар мәмілелерді жасасуы;
  - Банк активтерінің 5 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру);
  - Банктің жеке капиталының мөлшерінен 25 және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерде заем алуы;
  - Банктің қандай да бір түрдегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуы, қандай да бір түрдегі қызметті жүзеге асыру үшін бұрын алған лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;
  - Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
  - Банктің мүлкіне тыйым салу;
  - баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын, нәтижесінде Банктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
  - Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
  - сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
  - Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
  - Банктің жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банктің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын басқа да оқиғалар.
2. Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банктің қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат деп танылады:
  - Банктің органдарының құрамының өзгеруі;
  - Банктің дауыс беруші акцияларының (үлестерінің) 10 және одан да көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамының өзгеруі;
  - Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - Банктің мүлкіне тыйым салу;
  - Банк активтерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру);
  - Банктің лицензия алуы, лицензияны қолдануын тоқтата тұру және лицензиядан айыру;
  - Банктің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімдері;

- әрбір осындай ұйымдардың акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 және одан да көп пайызын Банк иемденетін ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;
- Банктің эммиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне өзгерістер;
- Банктің мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген талаптарды сақтамауы, Банк жіберген дефолт фактілері туралы ақпарат.

3. Банкпен инсайдерлік деп танылатын басқа ақпарат:

- Банктің акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесін шақыру және өткізу туралы, оның ішінде күн тәртібі, өткізу күні, жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімін құрастыру күні туралы;
- Банкті бақылайтын ұйымды қайта ұйымдастыру немесе тарату жөнінде шешім қабылдау туралы;
- Банкте ҚР заңдарында көзделген дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің пайда болуы туралы;
- Банкке талап қою туралы, ол бойынша талаптардың мөлшері талап қойылған күннің алдындағы есеп беру кезеңі (тоқсаны, жылы) аяқталған күні көрсетілген тұлғалардың активтерінің 10 және одан да көп баланстық құнын құрайды, Банктің пікірі бойынша бұл талапты қанағаттандыру Банктің қаржылық-шаруашылық жағдайына елеулі түрде әсер етуі мүмкін;
- оны көрсетілген ұйымдардың сайттарында ашқанға дейін - KASE және қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында ашылуы көзделген Банктің қаржылық есептілігі.

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ «Заман-Банк» АҚ-да  
инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдардың тізімі

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (мекен-жайы), электрондық поштасының мекен-жайы, телефоны. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді/қайта тіркеуді растайтын құжаттың нөмірі және күні.								
№	Т.А.Ә.	Туған күні	ЖСН	Инсайдерлердің тізіміне енгізу негіздемесі	Лауазымы/ бөлімше	Негіздеме туындаған күн	Тізімнен шығару күні	Ескерту

Банктің Басқарма Төрайымы \_\_\_\_\_

Заңды тұлғаны «Заман-Банк» АҚ-ның  
Инсайдері мәртебесін алғаны туралы  
хабардар ету

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_ (бұдан әрі –  
Ұйым) \_\_\_\_\_ (басшының  
Т.А.Ә.)

«Заман-Банк» АҚ Сізге «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 56-1-б. \_\_\_ т. сәйкес 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап Ұйым Банктің Инсайдері болып танылатындығы туралы хабарлайды. Осыған байланысты Сізге «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ «Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі бақылау және оны Заман-Банк» АҚ-да пайдалану Қағидаларын қоса (Банктің веб-сайтында орналасқан), Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтау қажет, оның ішінде:

- эмитенті Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;
- Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеу немесе оларды үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- Банктің Инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеу;
- өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;
- өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңдарының, оның ішінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын және Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі бақылау және оны «Заман-Банк» АҚ-да пайдалану Қағидаларын пайдалануға тыйым салу бөлігінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары туралы хабардар ету;
- Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі бақылау және оны «Заман-Банк» АҚ-да пайдалану Қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы Банкті хабардар ету, бұл ретте Ұйым өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлердің Банкке ұсынылған дербес деректері ҚР Еңбек кодексінің 5 тарауының және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңының талаптарына сәйкес жиналғанына және берілгеніне кепілдік береді.

Жоғарыда көрсетілген шектеулерді сақтамаған, Банктің Инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдаланған және таратқан, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі бақылау және оны «Заман-Банк» АҚ-да пайдалану Қағидаларының талаптарын бұзған жағдайда Ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікте болады.

Банктің Басқарма Төрайымы \_\_\_\_\_

«Заман-Банк» АҚ-ның инсайдерлерінің тізімінен  
шығару туралы хабарлама

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_  
немесе \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

ЖСН \_\_\_\_\_ (болған жағдайда)

«Заман-Банк» АҚ Сізді 20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ бастап «Заман-Банк» АҚ-ның  
инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабардар етеді.

Банк Басқармасының Төрайымы \_\_\_\_\_  
ТА(Ә)

«Заман-Банк» АҚ-ның инсайдерлерінің тізімінен  
шығару туралы хабарлама\*

Т.А.Ә.

ЖСН \_\_\_\_\_ (болған жағдайда)

Комплаенс қызметі Сізді 20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ бастап «Заман-Банк» АҚ-ның  
инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабардар етеді.

Бас комплаенс-Бақылаушы \_\_\_\_\_  
ТАӘ

\*Банктің қызметкерлері үшін

№5 қосымша

20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Инсайдердің қаржы құралымен жасаған операция туралы  
ХАБАРЛАМА

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Инсайдердің – жеке тұлғаның Т.А.Ә. / инсайдердің – заңды тұлғаның толық атауы	
2	Инсайдердің – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түрі және деректемелері / инсайдердің – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері	
3	Инсайдердің – жеке тұлғаның тіркелген жері / инсайдердің – заңды тұлғаның орналасқан жері	
4	Оның инсайдерлерінің тізіміне инсайдер енгізілген тұлғаның толық атауы	
5	Операция (мәміле) жасалған күн	
6	Операция (мәміле) түрі	
7	Операция (мәміле) сомасы	
8	Бағалы қағаздың түрі, санаты (типi), сериясы (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
9	Бағалы қағаз эмитентінің толық атауы (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
10	Бағалы қағаздың тіркеу нөмірі (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
11	Бір бағалы қағаздың бағасы (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін, репо мәмілелерінен басқа)	
12	Репо шарты бойынша бір бағалы қағаздың бағасы	
13	Бағалы қағаздардың саны (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	

14	Туынды қаржы құралы болып табылатын шарттың түрі (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	
15	Туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін туынды қаржы құралы болып табылатын шарттың нөмірі	
16	Туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін туынды қаржы құралы болып табылатын бір шарттың бағасы	
17	Туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін туынды қаржы құралы болып табылатын шарттардың саны	
18	Туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін туынды қаржы құралы болып табылатын шартты орындау бағасы	
19	Валюта түрі (валютамен жүргізілетін операциялар үшін)	
20	Мәміле бағамы	

Банктің Басқарма Төрайымы \_\_\_\_\_

Банк қызметкерін Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын жарияламау туралы  
хабардар ету

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_  
ЖСН \_\_\_\_\_

–

Осымен Комплаенс қызметі Сізге «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ішкі веб-сайтында орналасқан (бұдан әрі – Қағидалар) қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік және құпия ақпаратын пайдалану / ашу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарымен танысу және оларды сақтау қажеттілігі туралы, оның ішінде Банктің келесі талаптарын сақтау қажеттілігі туралы хабарлайды:

- Банк немесе оған қатысты Банк Инсайдер болып табылатын ұйым оның эмитенті болып табылса, ол бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің немесе оған қатысты Банк Инсайдер болып табылатын ұйымның Инсайдерлік және құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеу немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;

- Банктің немесе оған қатысты Банк Инсайдер болып табылатын ұйымның Инсайдерлік және құпия ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеу;

Сіз Қазақстан Республикасының заңдарында және Қағидаларда көзделген талаптарды сақтамаған үшін жауапкершілікте боласыз.

Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген шектеулерді сақтамаған, Инсайдерлік және құпия ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін, сондай-ақ Сізге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін.

Банктің Басқарма Төрайымы \_\_\_\_\_  
ТА(Ә)

Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын жарияламау туралы осы хабарлама менің өзіме берілді. Жоғарыда аталған шарттармен келісемін, оны өз қолыммен растаймын.

Қызметкер \_\_\_\_\_ (қолы)  
\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)